

«Астрахан ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектеп - гимназиясы» КММ

2025-2026 оқу жылының 16-20 ақпан аралығындағы Өнер апталығының көркем еңбек, бейнелеу пәндерінің есебі.

2025-2026 жылдың 16-20 ақпан күндері аралығында "Көркем еңбек" және бейнелеу бірлестігінің әдістемелік пән апталығы өтті. Апталықтың мақсаты: көркем еңбек пәндерін оқытуда жаңа әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру.


Апталықтың бірінші күні мектеп фойеге көрме ұйымдастырылды «Алтын қазына» атты қол өнер көрмесін ұйымдастырылды.



Оқушылар жоспарымен танысты

Апталықтың бірінші күні сурет байқауы өтті, бұл суретте бастауыш сынып оқушылары қатысып. Сурет салу барысында адам қоршаған ортаны бақылауға, көргендерін ойша талдауға дағдыланып, заттарды, құбылысты терең сезініп қабылдай бастайды. Бейнелеу шеберлігін меңгеру, көркемдік көру қабілеті мен оны өз суреттері арқылы бере білу де суреттен басталады. Байқаудың мақсаты: туған өлке, оның байлығы, табиғат көріністерін, өскен жерін қадірлеп, экологиялық мәдениетке қол созу, рухани - зерделілік

жағынан дамыта тәрбиелеу. Өз туған өлкеміздің, туған халқымыздың өткені мен бүгінгісін қадірлей, қастерлей білуге үйрету. Бәрі белсенді қатысып марапатталынды.



17.02 күні АРТ студио үйірмесіне оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға, эстетикалық талғамын қалыптастыруға және өнерге деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталған шығармашылық алаң.

Үйірмеге қатысқан оқушылар сурет салу, бояу техникасы, композиция құрастыру, түрлі көркемдік әдіс-тәсілдерді меңгеріп, өз қиялдарын еркін жеткізе алады. Әр жұмыс-баланың ішкі жан дүниесінің көрінісі.



Мектебімізде 5-11 сынып ер ұлдар арасында «Сен болашақ қорғаушысың!» атты тәрбиелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараның басты мақсаты-жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастыру, ер азаматқа тән жауапкершілік, батылдық, қайсарлық қасиеттерін дәріптеу және елін, жерін қорғауға деген құрметті арттыру.

Шара барысында оқушылар әскери-патриоттық бағыттағы сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын ортаға салды. Дөңгелек үстел форматында пікір алмасу өткізіліп, ел қорғау – әр азаматтың қасиетті борышы екені түсіндірілді. Сонымен қатар ер азамат мұғалімдер қатысып, өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, ұлдарға бағыт-бағдар берді.



19.02 күні «Құрғақ жүн және сулы жүн техникасымен жұмыс жасау» ашық сабақ 6 «ә» сынып қыздар тобымен өтті. Сабақтың мақсаты-оқушыларға жүннен бұйым жасаудың екі түрлі тәсілін үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту және ұлттық қолөнерге деген қызығушылықтарын арттыру.

Қауіпсіздік ережелерінің маңызы мен сақтық шараларын сақтауды жариялау арқылы материалдар мен жұмыс құралдарын пайдалану.

Заманауи өңделген жүндерден бұйымдар жасаудың жаңа технологиясын көрсету

- Қазіргі заманғы сұранысқа сай қолөнер бұйымдарын жасап үйрену.
- Бұйымдарды көркемдеп өңдеу технологиясына түсінік беру.
- Шеберлікті ынталандыру мен белсенділікті арттыру.

– Киіз басу әдістерінің жаңа технологисы бойынша әдістемелік көмек беру
Жұмысқа керекті құралдар; Стол,столдың бетін бүлдірмес үшін жұқа кленка.
Су құятын табақша. Сабын (балалар сабынын қолдануға болады).
Ине,жіңішке жіп, әр түрлі жүндер.



20.02 күні Көркем еңбек пәнінің апталығы аясында мектебімізде «Өнер мен еңбектің мерекесі-шығармашылық жәрмеңке» атты ерекше іс-шара ұйымдастырылды. Аталған жәрмеңкеге 5-8 сыныптың қыздары белсене қатысып, өз қолдарымен дайындаған түрлі тәтті тағамдар мен қолдан жасалған өнімдерін ұсынды.

Оқушылар жәрмеңкеге үлкен жауапкершілікпен дайындалып, аспаздық шеберліктерін, шығармашылық қабілеттерін және еңбекқорлықтарын көрсете білді.



ДОҶО

Кошекбаева Г.А.